

Шешім № 159
27 мамыр 2014 жыл

**Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы
25 желтоқсандағы № 121 «Шалқар
ауданының 2014-2016 жылдарға
арналған бюджеті туралы»
шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106 бабына сәйкес Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы №121 «Шалқар ауданының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3742 санымен тіркелген, 2014 жылғы 30 қаңтардағы «Шалқар» газетінің №4-5(8320) санында жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1.Шалқар ауданының 2014-2016 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2014 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер	6084823,2 мың теңге,
оның ішінде:	
салықтық түсімдер	1663960,0 мың теңге,
салықтық емес түсімдер	48534,0 мың теңге,
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	72506,0 мың теңге,
трансферттердің түсімдері	4299823,2 мың теңге;
2) шығындар	6109815,8 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу	17099,0 мың теңге,
оның ішінде:	
бюджеттік кредиттер	19446,0 мың теңге,

бюджеттік кредиттерді өтеу

2347,0 мың теңге;

4) тапшылық

-42091,6 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру

(профицитті пайдалану)

42091,6 мың теңге.»;

көрсетілген шешімнің 1, 5 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

О.Уксакбаев

С.Тулемисов

